

FTAMP: 14.35.01

ОӘЖ 378.147:398.5

https://doi.org/10.52269/22266070_2024_2_239

ОҚУ ҮДІРІСІНДЕ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ ШЫҒАРМАЛАРДЫ ОҚЫТУДАҒЫ ХАЛЫҚ ПЕДАГОГИКАСЫНЫҢ АСПЕКТІСІ

Федакар П. – филология ғылымдарының докторы, түрік фольклоры кафедрасының профессоры, Түркі әлемін зерттеу институты, Эге университеті, Измир қ., Түркия, <https://orcid.org/0000-0002-9624-2527>.

Мұратқызы М.* – филология магистрі, филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ., Қостанай қ., Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0000-0003-4210-4716>.

Алтыбаева А.Б. – гуманитарлық ғылымдарының магистрі, филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы ҚӨУ., Қостанай қ., Қазақстан Республикасы, <https://orcid.org/0009-0008-2460-580>.

Салыкова А.Д. – педагогика ғылымдарының магистрі, педагог-зерттеуші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің А.М. Горький атындағы гимназиясы» КММ, Қостанай қ., Қазақстан Республикасы.

Ғылыми мақалада фольклордың қалыптасуы жайлы этнографиялық мәліметтер беріліп, ұлттық дүниетаным мен ұлттық кодымызды сипаттайтын мәдени мұраларымыз талданған. Фольклорлық шығармалардың «дәстүрлі тәрбие», «халықтық педагогика», «этнопедагогика» салаларына әсері мен олардың ерекшеліктері, қазақ халқының рухани байлығы мен ұлттық құндылықтарын сақтаудағы алатын орны сияқты мәселелер қарастырылған. Фольклористика ғылым саласына жан-жақты жүргізілген ғылыми зерттеулерге шолу жасалып, отбасы ғұрып фольклоры мәтіндеріне лексикалық, лингвистикалық, лексика-грамматикалық, стилистикалық талдау жасап, зерттеген жұмыстарға тоқталған. Жасалған зерттеулер негізінде халқымыздың тарихи және рухани құндылықтарын фольклорлық шығармалар арқылы арттыру, дәстүрлі мәдениетіміз бен ұлттық тәрбиеміздің құралы ретіндегі маңыздылығы айқындалған. Ата-баба дәстүрі мен ғұрпынан сыр шерткен, өткен өмірі мен ұлттық дүниетанымын сипаттайтын, фольклор жанрының ғасырлар бойы дамып, зерттеліп келе жатқан ғылым саласы екендігін саралаған. Мақалада жоо-да «Халық ауыз әдебиеті» пәні аясында фольклорлық мұрамызды сипаттайтын тілдік бірліктерді сипаттау мақсатында жасалған ассоциативті эксперимент нәтижесі талданды.

Басты мақсаты, ұлт болмысын және халық жадында сақтаған ғұрпын фольклорлық шығармалардың ең бойынан тауып, ұлт тәрбиесіне қолдануды дәріптеу, фольклорлық шығармаларды оқытудың қажеттілігін зерттей келе, теориялық және әдістемелік негізін қалыптастырып, халықтық педагогика негізі ретінде қарастыру.

Түйінді сөздер: фольклор; этнопедагогика; тәрбие; ғұрыптық фольклор; теория мен әдістеме; цифрлық технология, ассоциативті эксперимент.

АСПЕКТ НАРОДНОЙ ПЕДАГОГИКИ В ПРЕПОДАВАНИИ ФОЛЬКЛОРНЫХ ПРОИЗВЕДЕНИЙ В УЧЕБНОМ ПРОЦЕССЕ

Федакар П. – доктор филологических наук, профессор кафедры турецкого фольклора, Институт исследования изучения турецкого мира, Эгейского университета, г. Измир, Турция, <https://orcid.org/0000-0002-9624-2527>.

Мұратқызы М.* – магистр филологии, старший преподаватель кафедры филологии и практической лингвистики, КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан, <https://orcid.org/0000-0003-4210-4716>.

Алтыбаева А.Б. – магистр гуманитарных наук, старший преподаватель кафедры филологии и практической лингвистики, КРУ имени Ахмет Байтұрсынұлы, г. Костанай, Республика Казахстан, <https://orcid.org/0009-0008-2460-5801>.

Салыкова А.Д. – магистр педагогических наук, педагог-исследователь, преподаватель казахского языка и литературы, КГУ «Гимназия имени А.М. Горького отдела образования акимата города Костаная», г. Костанай, Республика Казахстан.

В научной статье рассматривается формирование фольклорного наследия используя этнографические данные, анализируется культурное наследие казахского народа, характеризующее национальное мировоззрение и национальный код. Рассмотрены такие вопросы, как влияние фольклорных произведений на сферы «традиционного воспитания», «народной педаго-

гика», «этнопедагогика» и их особенности, а также роль фольклорного наследия в сохранении духовного богатства и национальных ценностей казахского народа. Проведен всесторонний обзор научных исследований в области фольклористики, были рассмотрены работы, в которых был проведен лексический, лингвистический, лексико-грамматический, стилистический анализ текстов семейного обрядового фольклора. На основе проведенных исследований определена важность повышения исторических и духовных ценностей нашего народа через фольклорные произведения, как инструмента нашей традиционной культуры и национального воспитания. Прослеживая традиции и обычаи предков, характеризуя прошлое и национальное мировоззрение, пришли к выводу, что жанр фольклора – это отрасль науки, которая развивалась и изучалась на протяжении веков и широко использована в народной педагогике. В статье проанализированы результаты ассоциативного эксперимента, проведенного в вузе в рамках дисциплины «Народная устная литература» с целью описания языковых единиц, характеризующих наше фольклорное наследие.

Основная цель – популяризация применения фольклорных произведений к национальному воспитанию, изучение необходимости преподавания фольклорных произведений, формирование теоретической и методической основы народной педагогике на примере фольклорного наследия.

Ключевые слова: фольклор; этнопедагогика; воспитание; обрядовый фольклор; теория и методика; цифровая технология, ассоциативный эксперимент.

THE ASPECT OF FOLK PEDAGOGY IN THE PROCESS OF TEACHING FOLKLORE

Fedakar P. – Doctor of Turkish Folklore, Professor of the Department of the Turkish folklore of the Institute of Turkish World Studies, Ege University, İzmir, Turkey, <https://orcid.org/0000-0002-9624-2527>.

Muratkyzy M. – Master of Philology, Senior Lecturer of the Department of philology and practical linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0003-4210-4716>.*

Altybayeva A.B. – Master of Arts, Senior Lecturer of the Department of philology and practical linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, Republic of Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0008-2460-5801>.

Salykova A.D. – Master of Pedagogical Sciences, Teacher-researcher, Teacher of the Kazakh language and literature, MSI “A.M. Gorky Gymnasium of the Education Department of the Kostanay Akimat”, Republic of Kazakhstan.

*The scientific article examines the formation of folklore heritage using ethnographic data, analyzes the cultural heritage of the Kazakh people, characterizing the national worldview and national code. Such issues as the influence of folklore creative works on the spheres of «traditional education», «folk pedagogy», «ethnopedagogy» and their features, as well as the role of folklore heritage in preserving the spiritual wealth and national values of the Kazakh people are considered. A comprehensive review of scientific research in the field of folklore studies was conducted, works were considered in which lexical, linguistic, lexicogrammatical, stylistic analysis of texts of family ritual folklore was carried out. Based on the conducted research, the importance of enhancing the historical and spiritual values of our people through folklore **creative** works as an instrument of our traditional culture and national education were determined. Tracing the traditions and customs of the ancestors, characterizing the past and the national worldview, we came to the conclusion that the genre of folklore is a branch of knowledge that has been developed and studied for centuries and is widely used in folk pedagogy. The article analyzes the results of an association experiment conducted at the university within the framework of the discipline "Folk Verbal Literature" in order to describe the linguistic units characterizing our folklore heritage.*

The main goal is to popularize the application of folklore creative works to national education, to study the need to teach folklore, to form the theoretical and methodological basis of folk pedagogy using the folklore heritage as an example.

Key words: *folklore; ethnopedagogy; education; ritual folklore; theory and methodology; digital technology, association experiment.*

Кіріспе. Әр халықтың тарихында күллі адамзатқа тән ортақ өмір салтымен қоса, өзіндік ұлттық ерекшеліктері мен сол халыққа ғана тән қалыптасқан салт-дәстүрі мен тәлім-тәрбиесін қалыптастыратын үдерісінің болуы заңдылық. Бұл заңдылық сол халықтың тыныс-тіршілігі мен өмір салтында, мәдени мұрасында, фольклорлық шығармасында сақталып келеді. Белгілі бір ұлтқа ғана тән мәдени ерекшеліктерін жинақтап, басқа ұлт өкілдерімен салыстыра өзіндік сипатын даралау, жеке зерттеу объектісіне айналдыру – ұлттық ғылымның негізгі мақсаты. Күллі әлем халықтарының қалыптасуы мен салт-дәстүрі, наным-сенімдері әр алуан болса, әр халықтың ұлттық құндылықтары мен ұлттық тәрбиесі де соншалықты сан алуан түрлі. Осы ретте ағылшын тілінен «халық даналығы» деген ұғымды беретін «Фольклор» – синкретті, көпфункционалды руханият. Фольклор – бірнеше ғасырлық

дәуірдің, сан түрлі қоғамның қоймасы. Әр ұлттың өзіне тән, әр дәуір адамдарының дүниетанымының суреті. Біріншіден, фольклорлық шығармалар – ұлттың дүниетанымы мен мәдениетін, тұрмысын толық сипаттайтын, ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа ауызекі сөйлеу тілінде жетіп, жазба әдебиетіне жалғасқан ұлт тәрбиесінің құралы. Екіншіден, фольклорды жазба әдебиетінің бастауы ретінде ғана қарастыру үлкен қателік, себебі әр фольклорлық шығарма дәстүрге, салтқа негізделіп, тұрмыстық функция атқаратын **«ұлт=ғұрып=сөз=тәрбие»** кодын ашатын, яғни адамның дүниеге келгеннен бастап әр қадамында жасалатын ғұрыптық рәсімдерін сүйемелдейтін, ішкі мағына беретін ұлт тәрбиесін, мәдениетін қалыптастыратын құрал. Мәселен, нәрестеге байланысты жасалатын салт-ырымдарымыз: қырық күннен кейін қырқынан шығару, бесікке салу, тұсау кесу т.с.с., орындалу кезінде ырымдармен қатар ғұрыптық фольклор, яғни өлең-жырлар міндетті түрде орындалады. «Тұсауынды кесейін, күрмеуінді шешейін» деп, ала жіпті кесу ғұрпында үлкен мағына, наным-сенім мен ұлт тәрбиесі жатыр. «Тұсауынды кесейін, күрмеуінді шешейін»: тұсау кесер рәсімі жас сәби бір жасқа келгенде орындалуы, адам дүниеден озғанда бір жылдық асын беру, бір жыл он екі ай сияқты ырымдармен қатар, яғни бір жыл ішінде осы дүниеде орнығу, жаңа өмірге қадам басу деген мифологиялық нанымға сәйкес орындалса керек. Бір жас ең алғаш мүшел ретінде, жылқайыру санатында да ерекше қарастырылады, бірінші мүшел он үш жас, келесі мүшел жастарының он екі жас сайын келуі де, адам өміріндегі бірінші өмір жолын ерекшелендіреді. Тұсаукесер жырында «өмірге аяқ баса бер» деген өлең жолдарының алғашқы қадаммен қатар, осы өмірге енді бір жасқа келгенде қаз тұруымен сипатталады. Қазіргі таңда «Тұсаукесер» рәсімінің трансформацияланған қолданысына куә болып жүрміз, ол жаңа кітаптың тұсаукесері т.б., яғни жаңа бір дүниенің жарқ етіп жасаған алғашқы қадамы ретінде қолданысқа ие. «Тұсауынды кесейін, күрмеуінді шешейін»: тұсау кесерге арнайы жасалған ала жіп күрмеліп байлануы (жіп шешіліп кетпей, күрмеліп тұруы керек) және фольклорлық мәтіндегі «ала жіптің қолданысы» үлкен тәрбиелік мәнге ие. Біреудің ала жібін аттамау адал болу, ар мен ұяттың айнасы ретінде болса, «біреудің ала жібін аттама» деп жамандықтан тыю ретінде де қолданады т.б. Ала жіп «ақ пен қара», «оң мен сол», «баршылық пен жоқшылықтың» кезек-кезек келуін ескертсе, қазақ халқы ырымдап елсіз далада қонып қалса, ала жіппен шеңбер жасап, керіп, жатар орнын қоршаған. Ала жіптің құдіретіне сенгені соншалық, ешбір жәндік жіптен асып, адамға жақындай алмаса керек [1, 1 б.]

Көптеген ғылыми зерттеу жұмыстарының негізі болған осындай этнографиялық қызықты фактілер әлем халықтарының даму эволюциясының келбеті және фольклорлық синкретті мұрамыздың ғұрып одан тілдік сүйемелдеу, өлең, жыр-дастандарымыздың қалыптасқанын дәлелдейді. Фольклорлық шығармалар – халықтық дәстүрлі тәрбиені сол елдің табиғи ерекшеліктері, айналысқан шаруашылығы, дүниетанымы мен салтына қарай ғұмыр бойғы жинақтаған тәжірибесінің қорытындысы. Дәстүрлі тәрбие – ұлттың дәстүрлі мәдениеті сияқты хат-жазусыз, тұрмыс-салт, ұлттық дүниетаным, күнделікті тірліктің ерекшеліктеріне орай қалыптасып, ұлт санасымен бірге, жұрттың этникалық жадында өмір кешеді. Бұл ғылым саласында «халық педагогикасы», «этнопедагогика», «дәстүрлі тәрбие» деп аталады. Ұлт тәрбиесінде фольклорлық шығармаларды оқыту арқылы, ұлттық кодымыздың сипатын ашу мүмкіндігі туады деп есептейміз. Фольклорлық шығармаларды оқытудың қажеттілігін арттыру, теориялық және әдістемелік негізін қалыптастыру, әр фольклорлық шығарманың тәрбиелік мәнін жете қарастыру болашақта басты міндеттеріміздің бірі болу тиіс.

Қазақ халқының сан ғасырлар бойы жинақталған мәдени мұрасы, ұлттық коды сақталған – фольклорлық мәтіндер – мақал-мәтелдерден бастау алып, адам ғұмырының үш кезеңін сипаттайтын отбасы ғұрып фольклоры **«дүниеге келу- үйлену- дүниеден өту»** контекстінде, лиро-эпостық және эпостық жырлар мен бата-тілек лексикасы лингвистика, этнолингвистика тұрғысынан түрлі аспектіде зерттеліп келеді. Қазақ фольклорының мәтіндері ұлтымыздың тілдік, коммуникативтік, прагматикалық қырларын толық сипаттай алады.

XVIII-XIX ғғ. арасында қазақ даласында фольклорлық құнды деректерді баспа бетіне түсірген П.С.Паллас, И.Г.Андреев, А.И.Левшин болса, XIX ғасырдың басында В.Радлов, Ә.Диваев, М.Көпеев, Ы. Алтынсарин, Г.Н.Потанин сынды зерттеушілер негізін қалады. Ш.Уәлиханов фольклорлық туындыларды этнографиялық деректермен сабақтастыра жазба бетіне түсіріп, А.Байтұрсынов, Ә.Бөкейханов, Х.Досмұхамедов т.б. зерттеушілер алғашқы қазақ фольклор үлгілерін жинақтауға үлес қосты.

Қазақ тіл білімінде фольклорлық шығармалардың тілі мен лексикалық бірліктерін, лексика-грамматикалық ерекшеліктерін, стилистикалық қызметі мен әдеби тілдің негізін қалыптастыру мен дамытуда ерекше зерттеу жұмыстарын жүргізген Қ. Өмірәлиев, Р.Сыздықова, І. Кенесбаев, Е. Жұбанов және т.б. ғалымдарымыздың ғылыми көзқарастарына жүгінеміз.

Сан ғасырлар бойы халықтың көкірегінде жатталып, жадында сақталған фольклорлық мәтіндердегі әр сөздің, әр лексикалық бірліктің дүниетанымдық астарына үңіліп, тілдік тұрғыдан барлап, мағыналық даму заңдылықтары мен көнеру себептерін зерттеу, фольклористика аясынан шығып, тіл білімінің зерттеу нысанына айналды. Фольклорлық мәтіндерді «тіл=ұлт=мәдениет» контекстінде ғылыми-теориялық алғышарттарының негізін Ә.Қайдар, Ж.Манкеева, Н.Уәли, А.Айтмұқашеваның зерттеу жұмыстарынан кездестіреміз.

Ең бастысы, фольклорлық шығармаларды тілдік тұрғыда, мәтіндік және лексикалық талдау теориясымен зерттеу жұмысын жүргізу үшін, оның бойынан мәтінге сай тілдік және лексикалық белгілері мен категорияларын бірізділікпен зерттей білу керек. Осы орайда, фольклортанушы С. Қасқабасовтың: «Әрбір фольклорлық шығарма – дәстүрге негізделген, халыққа кең тараған, варианттары бар, ауызекі айтылатын авторсыз туынды», – деген пікірінен халық ауыз әдебиетінен бастау алатын фольклорлық шығармаларға берілген жоғары баға көрінеді [1,9 б.].

Біріншіден, фольклорлық мәтін ғұрыпқа негізделген; екіншіден, ауызша таралып, жазба бетке түскеніне байланысты бірнеше нұсқада таралған; үшіншіден, халық ауыз әдебиетінен бастау алғанына байланысты авторсыз шығармалар.

Ал, «этнопедагогика» атты еңбектің алғы сөзінде-ақ: «Егер этнопедагогика және халық педагогикасына арналған хрестоматия жасалса, алғашқысы халық ауыз әдебиеті үлгілерінен құралған фольклорлық шығармалар және халықтың салтына арналған этнографиялық тәлім-тәрбиелік оқулық; екіншісі халық педагогикасы және ұлттың тәрбиелік ойларын зерделеуге арналған педагог-зерттеушілердің еңбектерінен құралатын еді» – деп, халық педагогикасының тікелей тәжірибеден бастау алатын, тәрбиенің эмпирикалық түрі және оның этнопедагогиканың ғылыми зерттей нысаны екенін атап өткен еді [2,6 б.].

Қазақ этнопедагогикасы ғылым ретінде қалыптасып, даму кезеңдеріне тоқталсақ: ХІХ ғ. ІІ жартысында Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, орыс саяхатшы-ғалымдарынан А.Левшин, А.Вамбери т.б. атап өтуімізге болады. Бұл ғылым саласына елеулі үлес қосқан қазақтың зиялы ғалым-зерттеушілері: С.Торайғыров, А.Байтұрсынов, Ө.Диваев, М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов т.б.

Фольклористика және этнопедагогика ғылым саласына шолу жасалып, зерттеу тарихы мен басқа ғылым салаларының зерттеу нысаны болған жолдарын сараптау жұмыстың өзектілігін арттырады деген ойдамыз. Себебі, аталмыш зерттеу жұмысында фольклорлық шығармаларды оқыту үдерісінде халықтың педагогика аспектісі ретінде қарастырып, білім және тәрбие беруде озық үлгі ретінде қолдану жолдарын арттыру мақсатын алға тартып отырмыз.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері.

- Фольклорды зерттеудің мақсатымыз – өз халқымыздың дүниетанымы мен мәдениетін тереңірек ұғыну, халықтық педагогиканың негізі ретінде қарастыру;
- Бүгінгі таңда білім беру процесінде фольклорды оқытудағы басым назар аударылуға тиіс мәселерге бағыттау;
- Қазақ фольклоры шығармаларын оқытуда озық педагогикалық әдіс-тәсілдерді пайдалану мүмкіндіктерін қарастыру;
- Фольклористика ғылым саласының жанрлық жіктелісіне тоқталып, фольклорлық шығармаларды оқытудың негізгі тәсілі мен әдістерін көрсету;
- Ғұрыпқа қатысты тілдік бірліктерде қазақ халқына тән ұлттық ақпарат кодталған, ол ақпаратты ашып, түсіндіру үшін білім алушылардың терең білім алуы қажет. Осы ретте фольклорлық шығармалар негізінде «*ұлт=ғұрып=сөз=тәрбие*» контекстін саралау.

Материалдар мен тәсілдер. Фольклорлық шығармаларды оқыту үдерісінде жаңа педагогикалық технологияларды, оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін енгізу маңызды рөл атқарады. Бүгінгі таңда жетекші әлем елдерінде фольклорлық шығармалар арқылы оқыту және тәрбиелеу проблемасына басым назар аударуда. Фольклор – әлемдегі барша халықтың ұлттық мәдениетінің қайнар көзі, дәстүрлі дүниетанымның алтын қоры. Қазіргі заманауи қоғамда проорессивті даму кезеңінде әр ұлт өз шығу тамырына, ұлттық мәдениетіне басым назар аударуда.

Бұл зерттеу жұмысының барысында сипаттама, сауалнама және ассоциативтік эксперимент жасалды. Сипаттама әдісі көмегімен фольклор ұғымының негізгі түсінігі мен оның ішінде ғұрыптық фольклорды «*өмірге келу – үйлену – дүниеден өту*» контекстінде жіктеп, ғұрыптық фольклор тіліндегі лексикалық бірліктер арқылы зерттеу тұжырымдамасы қарастырылды. Сонымен қатар, сипаттама әдісі арқылы оқыту үдерісінде фольклорлық шығармалардың рөлін анықтау мақсаты орындалды.

Зерттеу жұмысына 60 респондент қатысты, респонденттер құрамы 1-3 курс студенттері мен жоо оқытушылары мен қызметкерлері (жұмыс өтілі 10 жылдан астам). Ассоциативті экспериментке қатысқан студенттердің орташа жасы 17-21 жас, оқытушылар мен қызметкерлердің орташа жасы 35-55 жас аралығын қамтыды. Эксперимент анонимді түрде жасалды.

Кесте 1 – Ассоциативті экспериментке қатысқан респонденттердің демографиялық кестесі

Білім алушылар		
Жасы		17-21
	Әйел	22
	Ер	20
Білім алушылардың жалпы саны 42		

Оқытушылар мен қызметкерлер		
Жасы		35-55
	Әйел	10
	Ер	8
Филолог мамандардың жалпы саны 18		

Зерттеу жұмысы Ахмет Байтұрсынұлы университеті әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдары факультетінде 1,2,3 курс студенттері арасында «Халық ауыз әдебиеті» пәнінен бастау алатын фольклор жанрларын К.Ісләмжанұлының жіктемесі негізінде жүзеге асырылды. Ғалымның отбасы ғұрып фольклорын үш топқа бөлген еңбектеріне сүйене отырып., эксперимент сауалнамалары мен ассоциативті тілдік бірліктер таңдалды. Нақты фактологиялық материалдарға тоқтала кетсек:

- әлпештеу фольклоры: бесік жыры, сәбилік салт жырлары, мәпелеу жырлары, уату-алдарқату жырлары;
- үйлену фольклоры: той бастар, жар-жар, сыңсу, аушадияр, беташар, неке қияр.
- азалау фольклоры: арыздасу, естірту, көңіл айту, жоқтау [3, 78 б.].

Зертеу жұмысының сипаттама бөлігінде толық теориялық ақпарат сарапталып, фольклор жанрының жіктемесі қарастырылды. Ассоциативті тілдік бірліктерді таңдау барысында профессор Ж. Жақыповтың қазақ фольклоры саласының жанрлық жіктелісі тілдік тұрғыда кешенді талданған еңбектері де негізге алынды [4, 168 б.].

Ассоциативті эксперимент жадыны, басқа да ұлт өкілдерінің тілдік санасындағы ұлттық ерекшеліктерін зерттеу мақсатында қолданылуы мүмкін. Ассоциативті тәжірибе стимул сөздер (экспериментке таңдалған тілдік бірліктер) арқылы есте сақтау қабілеті мен тілдік байлығын, ұлттық ерекшелігін зерттеуге арналған [5]. Алғашқыда ассоциативті эксперимент – практикалық психологияда тиімді әдіс-тәсілдердің бірі, клиникалық психиатрияда диагностика жасау және психотерапия әдістемесі ретінде қолданылған. Стимул сөзі арқылы ассоциативті реакция беру сана мазмұнын зерттеудің басты тәсілі болып есептеледі. Ассоциативті эксперимент адамның есте сақтау қабілетін арттырады және тілдік қорын дамыту, сөйлеуді туындату, әртүрлі ұлт өкілдерінің тілдік санасының ұлттық-мәдени артықшылығын зерттеудің өте тиімді әдістемелік құралы [6, 213-231 б.].

Ассоциативті тілдік эксперименттің құжаттық бөлімінде респонденттің жасы мен ұлт ерекшелігі, әсіресе анасы мен әкесінің ұлтына, тілдік тұлғаның үстем тіліне басым назар аударылды. Себебі, таңдалған тілдік бірліктердің фольклорлық жанр мен ғұрыптық мағынасын ассоциативті түрді бірден сипаттауы респонденттің білімі мен ұлттық тәрбиесіне тікелей байланысты деп есептейміз.

Кесте 2 – Төлқұжаттық бөлімі

1	Ұлты	
2	Әкесінің ұлты	
3	Анаңыздың ұлты	
4	Жасы	
5	Туған жері	
6	Жынысы	
7	Білімі	
8	Тілдік тұлғаның үстем тілі (қазақ / орыс)	

Кесте 3 – Жоғарыда берілген жанрлық жіктелім бойынша ассоциативті экспериментке тілдік бірліктер таңдалды. Эксперимент материалдары қысқартылып берілген

Әлпештеу фольклоры	Үйлену фольклоры	Азалау фольклоры
Тілдік бірліктер		
Бесік	Беташар	Айналайын
Ұмай ана	Сыңсу	Қара жамылу
Аластау	Үкі	Бет тырнау
Қырық күн	Босаға	Шаш қою
Ат қою	Қарға	Дауыс шығару
Ала жіп	Сәукеле	Қырық шілдехана
ТҰСАУКЕСУ т.б.	ШАҢЫРАҚ т.б.	ЖОҚТАУ т.б.

Кесте 4 – Төменде берілген ұғымдарды естігенде алғаш ойыңызға келген сөздерді жазыңыз, ассоциативті реакция негізінде толтырылуы керек

1	Шаңырақ	
2	Босаға	
3	Бесік	
4	Үкі/ үкі тағу	
5	Бет тырнау т.б.	

Зерттеу жұмысының тәжірибелік бөлімі сипаттамадан бастау алып, ассоциативті экспериментпен жалғасуының басты мақсаты – білім алушыларға қазақ фольклорын тереңірек тану, ұлттық ерекшелігімізді ашатын тілдік бірліктердің түпкі мағынасын ашуға мүмкіндік беру, сонымен қатар аталмыш зерттеу әдісінің қолданысы білім алушылар, оқытушылар мен ғылыми қызметкерлердің фольклор саласын зерттеуге қызығушылығын аттыру.

Нәтиже мен талқылау. Фольклор – тұрмыстың бөлшегі. Ол күнделікті өмірде утилитарлық функция орындайды, яғни тұрмысқа қызмет етеді. Осындай фольклордың қатарына тұрмыстық функция атқаратын ғұрыптық және үйлену салтына әрі жерлеу рәсіміне байланысты жанрлар жатады. Мысалы, сәби дүниеге келгенде жүзеге асырылатын әр түрлі ырым-кәделер мен соларға қоса орындалатын ғұрыптық өлең-жылдар, сол тәрізді сәбиді қырқынан шығару мен бесікке салу кезінде атқарылатын ырымдар мен айтылатын шарапатты сөздер, тұсаукесер мен сүндет той кезінде орындалатын өлеңдер, – бұлардың бәрі міндетті түрде орындалуға тиісті фольклор. Осы сияқты үйлену салтындағы ырым-кәделер мен сыңсу, беташар секілді жырлар, ал адам қайтыс болғанда міндетті түрде айтылатын естірту, жерлеу рәсімі бойынша айтылуға тиісті жоқтау, – адам өмірінің әр кезеңінде таза тұрмыстық, утилитарлық қызмет атқаратын фольклор [7, 3 б.].

Қазақ фольклор шығармалары жоо-ның 1 курс қазақ филологиясы білім беру бағдарламасының «Халық ауыз әдебиеті» пәнінің шеңберінде қарастырылады. Пәнді оқытудағы ең маңызды әдіснамалық мәселе – фольклор шығармалары тілінің алғашқы кезеңіндегідей фольклор мен әдебиеттің өзара байланысы мен өзара әрекеттесу формаларын түсіну қажеттілігі және қазіргі қоғаммен байланыстыра фольклор жанрларын оқыту тәсілдері мен әдістемесін анықтау. Оқу пәнінің тұжырымдамасы негізгі төрт компоненттен тұрады: дәріс, тәжірибелік оқу сабақтары, БӨЖ, БОӨЖ. Барлық жұмыс түрлері бағытталған мақсаттар:

- білім беру бағдарламасына, пәнге және таңдаған мамандығына қызығушылығын арттыру;
- пәнді игеру барысында білім алушыларға шығармашылықпен тығыз байланыста жұмыс жасауға ынталандыру;
- білім алушылардың өз бетінше және жүйелі түрде білім алу қабілеттерін, кәсіби құзіреттіліктерін дамыту.

Пәнді оқыту тұжырымдамасы негізгі білім беру бағдарламасының барлық талаптарына сәйкес келеді. Кәсіби мамандарды даярлау тұжырымдамасының негізгі пәндері қатарында үш бағытты қамтиды:

- педагогикалық (халық ауыз әдебиеті пәнінен бастау алатын фольклор туындыларын игерту, тәрбиелік мәніне басым назар аудару);
- ғылыми-зерттеу (материал жинау, талдау, жүйелеу және өзекті тақырыптар бойынша әдеби шолу жұмыстарын жүргізу);
- мәдени-ағартушылық («Жас фольклорист» үйірмесіне қатысу, өртүрлі деңгейдегі ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу, фольклорлық бай мұрамызды қоғамда дәріптеу).

«Халық ауыз әдебиеті» пәнінің шеңберінде жүргізілген зерттеу жұмысының алдына қойған мақсат-міндеттеріне сәйкес ассоциативті эксперименттің нәтижесінде білім алушылар мен оқытушылар, ғылыми қызметкерлердің тілдік санасындағы ұлттық-мәдени тілдік бірліктердің жан-жақты ашылуына басым назар аударылды. Эксперименттік топтардағы респонденттердің сауалнама нәтижелерінің сандық көрсеткіші жасақталды.

«Шаңырақ» стимул сөзіне жасалған реакцияға тоқталсақ (Кесте 5):

1. Шаңырақ – киіз үйдің уықтарын біріктіріп , еңсесін көтеріп, тұтастырып ұстап тұратын дөңгелек шеңбер [8, 902 б.]. Біріншіден, «шаңырақ» заттық мағынада ұғымды білдіреді.

2. Бір ата **шаңырағын** тік көтеріп,
Келінімен қоса қабат сенім келді.
Аналар дәстүрімен ізет жасап,
Шырағым, бір қуантшы еліңді енді! [9, 285 б.].

Берілген мысалда үйлену фольклоры жанрларының бірі беташар жырынан алынған үзіндіде «шаңырақ» ұғымы отау құру, үйлену мағынасында қолданылған.

3. **Шаңырағың** шайқалып,
Мұртынан сынды босағаң.
Әкешім кетті жер үйге,
Шайқалмай бақыт тұра ма?! [9, 238 б.].

Берілген мысалда азалау фольклоры жанрларының жоқтау жырынан үзіндіде «шаңырағы шайқалу» тіркесі өлім, ажал мағынасын меңзеп тұр.

4. «**Қара шаңырақ**» – отбасындағы кенже ұл шаңырақ иесі болып есептеледі, сол ата-анасы шаңырағының отын түтетіп, жалғастырушы мағынасында бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтқан емес.

5. «**Шаңыраққа қара**» – өрескел қылық көрсеткен немесе артық сөз сөйлеген адамға ескерту мағынасында қолданысқа ие. Бұл сөз тіркесі қазақ халқының мәдениеті мен этика нормаларын білдіреді.

6. «**Шаңырақ**» бейнесі – символ, мемлекеттік нышандардың орталық элементі.

7. Қазақ халқының танымында **шаңырағың биік болсын, шаңырағына қобыз орнатты, шаңырағына шоқ орнату, шаңырағын ортасына түсірді, шаңырақ салық** т.б қолданыстарын атап өтуге болады.

Бақылау парақшаларындағы білім алушылар мен оқытушылар, ғылыми қызметкерлердің «шаңырақ» тілдік бірлігіне жауаптарының сандық көрсеткіші келесі: *киіз үй – 27, отбасы – 11, ұрпақ – 10, символ – 9, ұя – 3*. Респонденттердің 47%-ы стимул сөздің тікелей мағынасын берген, ал отбасы, ұрпақ деген жауап нұсқалары ауыспалы мағынада қазақ дүниетанымында «шаңырақ» сөзі әлдеқайда терең түсінігі қалыптасқанын дәлелдеп тұр.

Кесте 5 – Шаңырақ стимул сөзіне байланысты реакциялық жауап

Жасы	17-18 жас	19-20	21	35-40	41-55
Реакция					
Киіз үй	+	+	+	+	+
Отбасы		+	+	+	+
Ұрпақ	+	+	+	+	+
Символ		+	+	+	+
Ұя	+	+			

«**Босаға**» стимул сөзіне жасалған реакцияға тоқталсақ (Кесте 6):

1. Қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде бірнеше түсініктеме берілген: 1. Есіктің жақтау; 2. Үйдің төрге қарама-қарсы есік жағы; 3. Ауыс мағынада үй, отбасы, табалдырық [8, 139 б.].

2. Биік болсын **босағаң**, берік болсын керегең [9, 185 б.] Берілген мысалда беташар жырынан үзінді құрған шаңырағың құтты болсын деген тілек мағынасында қолданылған. Үйлену ғұрып фольклорында, беташар жырларында ақ босаға, алтын босаға қуанышты мағынада, отау құру контекстінде берілсе, сыңсу жырларында : «**Босағада** шашылып инем қалды, Кішкенеңден жинаған дүнием қалды. Мен жыламай Тәңірге кім жыласын, Алты жасар артымда інім қалды», – деп, босағаны мифтік наным-сенім ретінде, басқа өмірге аттану межесі ретінде қолданысқа ие [9, 121 б.].

3. Азалай фольклорында көңіл айту ғұрпы өліктің жас ерекшелігіне қарай айтылатын болған, халқымыздың сенімі бойынша балиғатқа толмаған жас сәби өмірден өтсе, «**екі босаға** аман болса, орны толар» дейді. «**Екі босаға**» ата-анасы аман болсын деген тілек тілейді.

4. Мифтік наным-сенімге жүгінсек, **босаға** – екі дүниенің шегі, **оң босағада отырып қалған қыз** тұрмысқа шықпаған қыз бала мағынасын білдірсе, азалау фольклорында **оң босағаға салды** деген ұғым о дүниелік болды дегенді меңзейді.

5. Халқымыздың танымында босаға тілідік бірлігіне қатысты: **босаға аттады, босағаны керме, босағасын паналады, босағада жүру, босағасы үңірейу, босаға аттаған** т.б. қолданыстарын атап өткіміз келеді.

Кесте 6 – Босаға стимул сөзіне байланысты реакциялық жауап

Жасы	17-18 жас	19-20	21	35-40	41-55
Реакция					
Табалдырық	+	+	+	+	+
Отбасы		+	+	+	+
Үй, ұя	+	+		+	+
Символ, ұлттық код	+	+	+	+	+
Тірек	+	+	+		

Эксперимент нәтижесі бойынша білім алушылар мен оқытушылардың «босаға» тілдік бірлігіне жауаптарының сандық көрсеткіші келесі: *табалдырық*– 23, *отбасы* – 15, *үй*, *ұшқан ұя* – 9, *символ*, *ұлттық код* – 9, *тірек*– 4. Экспериментке қатысқан респонденттердің 43 %-ы стимул сөздің тікелей мағынасын берген, ал «үй», «ұя», «символ» деген жауап нұсқалары ауыспалы мағынада қазақ дүниетанымында «босаға» ұғымының ауыспалы мағынада қалыптасқанын көрсетті. Ассоциативті экспериментке қатысқан респонденттердің жауап нұсқаларын салыстырғанда, реакциялық стимул сөздің тікелей және ауыспалы да мағынасын ашуға тырысқанын, басым көпшілігі барынша мысалдар келтіру арқылы білім деңгейлерін көрсете білгені анықталды. Жасалған эксперимент нәтижесі респонденттердің ассоциативтік өрісінің кеңдігі мен мағына тұтастығын, сипаттама бөлігінде қарастырылған материалды жоғары дәрежеде игергенін көрсетті.

Фольклор – ұлт тарихы мен мол мәдени мұрасының айнасы. Әр елдің фольклорлық мұрасына қарап, сол халық туралы кең, толық мағлұмат алуға болады. Бүгінгі таңда білім беру үдерісінде фольклорлық мұрамыздың мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарының оқу бағдарламасында елеулі орын алуы заңдылық, білім беру саласының жүйелілігінің ең басты сипаты – барлық білім беру сатыларының барысында, оқу кешендері мен оқулықтарында берілуі. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендерінің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі № 132 бұйрығы) тұжырымдамасына келеміз. Орта білім беру ұйымдары үшін оқу-әдістемелік кешендердің мазмұнына қойылатын талаптар ішінде: «3) бұрынғы және қазіргінің белгілі батырлары, фольклорлық кейіпкерлері, Қазақстан Республикасындағы және әлемдегі ғылым, инновация, мәдениет, спорт және тағы басқа қоғамдық-экономикалық салаларда жетістікке жеткен тұлғалардың өмірлеріндегі ынталандырушы сәттердің берілуі»[11], сынды нақты бөлімдер берілген.

Фольклорлық мұралармен танысу және дәріптеу арқылы жас ұрпағымыз өткен ата-бабаларымызбен тілдескен, сырласқандай боламыз. Ел тарихына үңілсек, ұлтымызды әлем аренасында қалыптастырған танымал тұлғалар балалық шағынан фольклорлық мұралармен сусындап, ғұрыптық салтымызды хат жазусыз-ақ сусындап өскенін көреміз. Мәлесен, әлемге танылған М.Әуезовтың «Абай жолы» роман-эпикасын алсақ, романның бірінші беттерінен бастап, әдет-ғұрып, салт-дәстүрге толы өмір жолы сипатталады.

Зерттеу жұмысының барысында алдымызға қойған мақсат-міндеттерімізге сәйкес, фольклористика ғылым саласының жанрлық жіктелісі К.Ісләмжанұлының «Қазақ отбасы фольклоры» еңбегіне сүйене отырып, мысалдар талданды. Фольклорлық мұраларды «*ұлт=ғұрып=сөз=тәрбие*» контекстінде саралауға және қазақ фольклоры шығармаларын оқытуда заманауи педагогикалық әдіс-тәсілдерді пайдалану мүмкіндігін қарастыруға тырыстық. Әлемнің озық тәжірибелері мен ғылыми теориясына жүгінсек, біріншіден, фольклорлық мәтінді семантикалық, лексикалық, фонологиялық, орфографиялық тұрғыда зерттеу керек. Екіншіден, білім беру саласында фольклорлық мәтіннің контекстін ашу үшін салыстырмалы түрде жұмыс жасау керек. Фольклорлық мәтіннің қоғамның ғасырлар бойы өзгеріске ұшырауы, қоғамда экономикалық және саяси өзгерістердің өтуін ескеруіміз керек [12. 37-39 б.].

Қорытынды. Ассоциативті экспериментке таңдалған пәннің мазмұны білім алушылар, оқытушылар мен қызметкерлердің жас, ұлттық ерекшеліктеріне қарай таразылап, нәтиже шығаруда өте ұтымды болды. Эксперимент қорытындысы бойынша келесі нәтижелерге қол жеткіздік деп есептейміз:

- Респонденттердің стимул сөздің бірнеше мағынада қолданысын түсіндіруде, өз ойын жеткізуде сөз байлықтарының тапшылығы байқалды;
- Берілген образды ашып, көркемдеп сөйлеуде сөз қолдануындарында, стильдік қателердің болуы сияқты кемшіліктер анықталды;
- Стимул сөздердің тікелей, бірінші мағынасының пайыздық көрсеткіші жоғары болғаны анықталды;
- Фольклорлық шығармаларды игеру барысында көптеп кездесетін тілдік бірліктердің мағынасын ашу үшін қазақ тілін одан әрі білуге деген қызығушылығын арттыруға септігін тигізді.

Зерттеу жұмысының барысында фольклорлық, педагогикалық, психологиялық, теориялық талдау, оқу жұмыс бағдарламасына сәйкес тәжірибелік талдау, бақылау, педагогикалық эксперимент, нәтижелерді математикалық тұрғыда өңдеу жасауға тырыстық. Фольклорлық мұраларды оқытуда инновациялық технологияларды тиімді пайдаланса, білім алушылардың фольклорлық шығармаларға деген көзқарасының жаңаруына, қызығушылығының артуына, этнопедагогика саласына сүйене отырып эстетикалық білім беруге, патриоттық сезімдерін нығайтуға бірден-бір себепші болар еді.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. **A. V. Yudin Magic of the Word in Modern Culture: Imitation, Parody, Performativity** [Text] / A. V. Yudin // Russian Literature, V. 132, 2022, P. 1-38, <https://doi.org/10.1016/j.ruslit.2022.06.005>.
2. **Қасқабасов С.А. Бес томдық шығармалар жинағы. ІҮ том: Фольклор иірімдері** [Мәтін]: оқу құралы / С.А. Қасқабасов. – Астана: «Фолиант», 2015. – 231 б.
3. **Мағауова А.С. Этнопедагогика в системе профессиональной подготовки специалистов** [Мәтін] / А.С. Мағауова. – Алматы: Қазақ университеті, 2020. – 145 с.
4. **Ісләмжанұлы К. Қазақтың отбасы фольклоры** [Мәтін]: монография / К.Ісләмжанұлы. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 332 б.
5. **Жақыпов Ж.А. Қазақ фольклорын тілдік-жанрлық зерттеу және профессор Б.С. Рахымов зерттеуі** [Мәтін] / Ж.А. Жақыпов // «Рухани мұраны зерттеу мен оқытудың маңызды мәселелері» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Қарағанды: «Print» баспасы, 2019. – 345 б.
6. **Абильдинова Ж.Б. Ассоциативный эксперимент как инструмент психолингвистического исследования языкового сознания [Электронный ресурс] / Ж.Б. Абильдинова. – 2020. – <https://ulagat.com/2020/11/28/ассоциативный-эксперимент-как-инстр>.**
7. **D. Ioffe, A.Toporkov, A. Yudin Magic – folklore – literature. an introduction** [Text] / D. Ioffe, A.Toporkov, A. Yudin // Russian Literature. – V. 93–94, October–November 2017, P. 1-45.
8. **Қасқабасов С.А. Абай шығармашылығының фольклорлық бастаулары** [Мәтін] / С.А. Қасқабасов. – Керуен, 2021. – Т.73. – № 4. – С.18-27.
9. **Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі** [Мәтін]: оқулық / Б.Қалиев. – Алматы, 2014. – 728 б.
10. **Бабалар сөзі: Жүзтомдық** [Мәтін]: оқулық / Т. 90: Ғұрыптық фольклор. – Астана, "Фолиант", 2012. – 432 б.
11. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі № 132 бұйрығы. [Электрондық ресурсы]: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027415>.
12. **Taner Turan. Folklor Ve Biçembilim** [Folklore and Stylistics] / T. Taner // Millî Folklor. – 2024. – 18, sy. 141. – ss. 30-41, doi:10.58242 / millifolklor.1343855.

REFERENCES:

1. **A. V. Yudin Magic of the Word in Modern Culture: Imitation, Parody, Performativity** [Text] / A. V. Yudin // Russian Literature, V. 132, 2022, P. 1-38, <https://doi.org/10.1016/j.ruslit.2022.06.005>.
2. **Qasqabasov S.A. Bes tomдық shyğarmalar jınaғы. ІҮ tom: Folklor iirimderi** [Collection of works in five volumes. Volume ІҮ : Folklore twists] – Astana: «Foliant», 2015. – 231 b. (In Kazakh).
3. **Magauova A. S. Ethnopedagogy in the system of professional training of specialists** [Text] / A. S. Magauova. – Almaty: Kazakh University, 2020 – – 145 P (In Kazakh).
4. **Islámjanuly K. Qazaqtıń otbası folklorı** [Kazakh family folklore] – Almaty: «Arys» baspasy, 2007. – 332 b. (In Kazakh).
5. **Jaqypov J.A. Qazaq folklorın tildik-janrlyq zertteý jáne professor B.S. Rahymov zertteýi** [Linguistic-genre research of Kazakh folklore and professor B.S. Rakhimov study] // «Rýhani murany zertteý men oqıtıdyń mańızdy máseleleri» atty respýblikalyq ғылыми-теориялық konferentsıa materialdary. – Qarağandy: «Print» baspasy, 2019. – 345 b. (In Kazakh).
6. **Goroshko E.I. Problemy provedeniia svobodnogo assotsiativnogo eksperimenta** [Problems of conducting a free associative experiment] // Izvestıa Volgogradskogo gosýdar- stvennogo pedagogicheskogo úniversıteta. – 2005. – №3 (12). – S. 53-61. (In Russian).
7. **D. Ioffe, A.Toporkov, A. Yudin Magic – folklore – literature. an introduction** [Text] / D. Ioffe, A.Toporkov, A. Yudin // Russian Literature. – V. 93–94, October–November 2017, P. 1-45.(in English).
8. **Kaskabasov S. A. folklore origins of Abai's work [text]** / S. A. Kaskabasov. – Caravan, 2021. – Vol. 73. – No. 4. – Pp. 18-27 (In Kazakh).
9. **Qaliev B. Qazaq tiliniń túsindirme sózdigi** [Explanatory dictionary of the Kazakh language] – Almaty, 2014. – 728 b. (In Kazakh).
10. **Babalar sózi: Júztomдық** [Words of ancestors: Hundred volumes] / T. 90: Ғұрыптық folklor. – Astana, "Foliant", 2012. – 432 b. (In Kazakh).
11. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың және мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің құрылымы мен мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 5 сәуірдегі № 132 бұйрығы [Order of the minister of Education and science of the Republic of Kazakhstan dated April 5, 2022 No. 132 on approval of requirements for the structure and content of textbooks for secondary education organizations

and educational and methodological complexes for preschool organizations, secondary education organizations.], available at: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200027415/> (accessed 19 April 2024). (In Kazakh).

12. **Taner Turan. Folklor Ve Biçembilim** [Folklore and Stylistics] / T. Taner // Millî Folklor. – 2024. – 18, sy. 141. – ss. 30-41, doi:10.58242 / millifolklor.1343855. (In Turkish).

Авторлар туралы мәліметтер:

Федакар Пынар – филология ғылымдарының докторы, түрік фольклоры кафедрасының профессоры, Түркі әлемін зерттеу институты, Эге университеті, <https://orcid.org/0000-0002-9624-2527>, Түркия, Измир қаласы, Борнова, Генчлик көшесі, 12 35040, тел.: 00902323434922; e-mail: pinar.fedakar@ege.edu.tr.

Мұратқызы Мира – филология магистрі, филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, <https://orcid.org/0000-0003-4210-4716>, Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай қаласы, Сиянов көшесі, 64, тел. 87081253288; e-mail: mira_1982@mail.ru.*

Алтыбаева Акжан Бахитжановна – гуманитарлық ғылымдарының магистрі, филология және практикалық лингвистика кафедрасының аға оқытушысы, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Қостанай өңірлік университеті, <https://orcid.org/0009-0008-2460-5801>, Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай қаласы, Победа көшесі, 32А, тел. 87754115583; e-mail: akgan1975@mail.ru.

Салыкова Асель Дарияновна – педагогика ғылымдарының магистрі, педагог-зерттеуші, қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, «Қостанай қаласы әкімдігінің білім бөлімінің А.М. Горький атындағы гимназиясы» КММ, Қазақстан Республикасы, 110000, Қостанай қаласы, Садовая көшесі, 75/10, тел. 87014596683; e-mail: asek_03@mail.ru.

Федакар Пынар – доктор филологических наук, профессор кафедры тюркского фольклора, Институт исследования изучения тюркского мира, Эгейского университета, <https://orcid.org/0000-0002-9624-2527>, Турция, 35040 г.Измир, Борнова, ул. Генчлик, 12, тел.: 00902323434922; e-mail: pinar.fedakar@ege.edu.tr.

Мұратқызы Мира – магистр филологии, старший преподаватель кафедры филологии и практической лингвистики, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, <https://orcid.org/0000-0003-4210-4716>, Казахстан, 110000, г.Костанай, ул. Сиянова, 64, тел. 87081253288, e-mail: mira_1982@mail.ru.*

Алтыбаева Акжан Бахитжановна – магистр гуманитарных наук, старший преподаватель кафедры филологии и практической лингвистики, Костанайский региональный университет имени Ахмет Байтұрсынұлы, <https://orcid.org/0009-0008-2460-5801>, Казахстан, 110000, г.Костанай, ул. Победы 32А, тел. 87754115583, e-mail: akgan1975@mail.ru.

Салыкова Асель Дарияновна – магистр педагогических наук, педагог-исследователь, преподаватель казахского языка и литературы, КГУ «Гимназия имени А.М. Горького отдела образования акимата города Костаная», Казахстан, 110000, г.Костанай, ул. Садовая, 75/10, тел. 87014596683; e-mail: asek_03@mail.ru.

Fedakar Pinar – Doctor of Turkish Folklore, Professor of the Department of the Turkish folklore of the Institute of Turkish World Studies, Ege University, <https://orcid.org/0000-0002-9624-2527>, Turkey, 35040 Izmir, Bornova, 12 Gençlik Str., tel.: 00902323434922; e-mail: pinar.fedakar@ege.edu.tr.

Muratkyzy Mira – Master of Philology, Senior Lecturer of the Department of philology and practical linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, <https://orcid.org/0000-0003-4210-4716>, Republic of Kazakhstan, 110000 Kostanay, 64 Siyanov Str., tel.: 87081253288; e-mail: mira_1982@mail.ru.*

Altybayeva Akzhan Bakitzhanovna. – Master of Arts, Senior lecturer of the Department of philology and practical linguistics, Akhmet Baitursynuly Kostanay Regional University, <https://orcid.org/0009-0008-2460-5801>, Republic of Kazakhstan, 110000 Kostanay, 32A Pobeda Str., tel.: 87754115583; e-mail: akgan1975@mail.ru.

Salykova Assel Dariyanovna – Master of Pedagogical Sciences, Teacher-researcher, Teacher of the Kazakh language and literature, MSI "A.M. Gorky Gymnasium of the Education Department of the Kostanay Akimat", Republic of Kazakhstan, 110000 Kostanay, 75/10 Sadovaya Str., tel.: 87014596683; e-mail: asek_03@mail.ru.